

М.З. АБДРАХМАНОВА

*Қазақ қыздар педагогикалық университеті,
қоғамдық-гуманитарлық пәндер кафедрасының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы.*

ШЕТЕЛДЕ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДА ҚОЛДАНЫЛЫП ЖАТҚАН ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ ҮЛГІЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аннотация

Макалада казіргі кезеңде Қазақстанның мемлекеттік басқару тәжірибесіндегі қоғамның сұраныстары мен талаптарына жауап берे алатын мемлекеттің әлеуметтік саясатты орнықтыру саясаты жүзеге асырылуда. Ал өркенистті елдерде әлеуметтік мемлекет үлгісі жасалып, соған көшү үрдісі жүзеге асырылып жатқанда бұл мәселенің біздің еліміз үшін өзектілігі зор. Әлеуметтік мемлекет құру жолындағы Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясатына саяси талдау жасай отырып, оның мәні мен мазмұнын ашып көрсету. Әлеуметтік жұмыстың дәстүрлі моделдеріне негіз бола алады. Әлеуметтік саясатты жүзеге асырушы саяси институттардың қоғамда алатын рөлін анықтау да қажеттілік болып табылады.

Тірек сөздер: әлеуметтік жұмыс, әлеуметтік саясат, әлеуметтік қорғау, заң, бағдарлама, үлгі, мемлекет, экономика, қафіда, әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік мәселе.

Ключевые слова: социальная работа, социальная политика, социальная защита, модель, закон, программа, государство, экономика, принцип, социальное обеспечение, социальная проблема.

Keywords: social work, social policy, social protection, model, law, program, state, economy, principle, social security, social problem.

Әлемдік даму аренасына қадам басқан кез келген мемлекет өз қоғамның мүшелерінің барлық қажеттіліктерін қанағаттандырып, жаңа биік белестерге қадам басуға әрекет жасайды. Бүгінгі таңда әлеуметтік мемлекет болып табылатын көптеген әлем мемлекеттері үшін әлеуметтік саясаттың айқын басым бағыттарын анықтап, салиқалы әлеуметтік саясат жүргізу, халықты әлеуметтік қорғаудың өзіндік моделін қалыптастыру стратегиялық маңызы бар мәселе болып отыр. Әлеуметтік саясаттың басым бағыттарын анықтау арқылы мемлекет ең алдымен негізгі халықтың қажеттіліктерін анықтап, саясатты сол арнаға бағыттайты. Демек, тиімді тетіктерін табу арқылы қоғамның әр түрлі топтарына, таптарына, әсіреле әлжуаз әлеуметтік қорғауды қажет ететін топтарын әлеуметтік қорғаумен қамтамасыз етеді. «Әлеуметтік саясат» ұғымын теориялық-методологиялық талдау бұл саланың ғылыми негізdemесін орнықтырады.

Ал әлеуметтік саясаттың негізі әлеуметтік қорғаудан бастау алса, әлемнің көптеген мемлекеттерінде халықты әлеуметтік қорғаудың модельдері (Скандинавия елдері моделі, Жерорта теңізі елдері моделі, Чили моделі және т.б.) қалыптасып үлгерді. Осы тұста Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау жүйесінің әлем елдерінің озық тәжірибесі негізінде өзіндік моделін жасап келеді. Десек те, қоғам түрленіп, нарық құбылып өзгерген сайын Қазақстанның да басқа мемлекеттер сияқты әлеуметтік саясатын жетілдіріп отыруы заңды құбылыс болып табылады. Әлемдік тәжірибеде әлеуметтік мемлекеттердің қалыптасқан классикалық үлгілері мен мынадай белгілері бар:

1. Мемлекеттік билік жүйесінің демократиялық ұстанымдарға сай ұйымдастырылуы;
2. Мемлекеттік биліктегі адамдардың жоғары адамгершілік, ізгілік қасиеттерінің болуы;
3. Экономикалық мүмкіндіктерді тиімді пайдалану;
4. Табиғи байлықтан тұсken кіріс пен қаржыны халыққа тендей бөлу;
5. Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы.

Әлеуметтік бағыттағы мемлекеттік бағдарламалар мен оларды жүзеге асыратын тетіктердің болуы. [1]

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты әлеуметтік қамсыздандыруға және әлеуметтік қызметтерді көрсетуге арналған қызметті қамтылаған мемлекеттің бағдарламасы арқылы жүзеге асады. Классикалық үлгіде әлеуметтік қамсыздандыруға әлеуметтік сақтандыру мен қоғам мүшелерінің әлжуаз топтарына қолдау, көмек көрсетуге деген әлеуметтік жауапкершілігі арқылы көрініс тауып

жур. Әлеуметтік қызметтер жүйесіне деңсаулық сақтау, білім беру, кәсіби даярлау, еңбекпен қамтамасыз ету және т.б. мемлекет қамтамасыз ететін қызмет түрлері жатады. Әлемдік тәжірибіде бұдан да басқа халықты әлеуметтік қорғаудың қалыптасқан үлгілері көп. Әлеуметтік саясат жүргізу үлгілерін әртүрлі класификациялады. Олардың көшілігі әлеуметтік саясатты жүзеге асыруда мемлекеттің, азаматтық қоғам институттарының және жекелей азаматтардың қатысу деңгейі мен алатын роліне байланысты принциптерге негізделген. Геосаяси аспектіде қарастыратын болсақ, скандинавиялық, континенталды және американ-британдық әлеуметтік саясат үлгілерін көрсетуге болады.[2]

Әлеуметтену мемлекеттің қайнар көзі - әлеуметтік саясаттан басталады. Мәселен, дамыған Еуропа елдерінде әлеуметтік саясаттың екі үлгісі кеңінен қолданылады. Бірінші «бисмарктық» әлеуметтік саясат үлгісі, екінші «беверидждік» үлгі.

«Бисмарктық» әлеуметтік саясат үлгісі бойынша әлеуметтік көмек пен белсенді еңбек қызметі арасында тығыз байланыс орнатылады. Жеке адам өзінің белсенді еңбек қызметі барысында келісім – шарт негізінде әлеуметтік қорға мөлшерлі аудармаларын жасап отырады. Кейін бұл аудармалардан сақтандыруши корлар құрылып, одан әртүрлі әлеуметтік көмек көрсетіліп отырады. Мұндай қорларға мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлінбейді. Ал, еңбек белсенділігі тәмен отбасылар үшін ұлттық ынтымақтастық ұстанымы бойынша мемлекеттік органдар арқылы әлеуметтік көмек көрсетіледі. Ал Қазақстанның өзіндік әлеуметтік саясатының үлгісі мен тұжырымдамасы қалыптасу үстінде екенін ескерсек, онда бұл екі үлгінің басты жетістіктері мен тиімді тетіктері нысанана алынып отырғандарына көз жеткізуге болады. Скандинавиялық үлгіні – социал-демократиялық, континенталдыны – социал-нарықтық, ал американ-британдықты – либералды үлгі деп атайды.[3] Бұл үлгілердің ерекшелігі мемлекеттің әлеуметтік қорғау жүйесіне қандай формада қатысуына байланысты байқалады. Мәселен Скандинавия мен континенталды үлгіні ұстанған Еуропа мемлекеттерінде әлеуметтік қорғау жүйесі мемлекет тарапынан, ал Оңтүстік Еуропа елдерінде үкіметтік емес ұйымдар мен агенттіктер, шіркеулер, кәсіподактар, әр түрлі әлеуметтік топтарды қосатын мұдделі ұйымдар мен қайырымдылық қорлары арқылы ұсынылады. Католиктік елдерде мемлекеттің көшілік әлеуметтік міндеттерін шіркеулер өз мойнына алады.

Халықты әлеуметтік қорғаудың скандинавиялық үлгісі. Әлеуметтік саясат жүргізудің бұл типінде әлеуметтік қажеттіліктерге деген қаражаттың көп бөлігін мемлекет өз мойнына алып, оны әлеуметтік қамсыздандыруға бөлу мен таратуды көзі тікелей бюджет болып саналады. Мемлекет өзінің азаматтарының әл-ауқатын, жағдайын жасап, негізгі әлеуметтік қызметтерді де көрсетуге жауапты болады. Скандинавиялық үлгі Швеция, Финляндия, Дания, Норвегия сынды мемлекеттердің саясатында кең көрініс табады. Осы елдердің ішінде Швецияның әлеуметтік саясат жүргізу үлгісі әлемдік тәжірибеде ерекше орны бар. «Швециялық үлгі» 60 жылдардың сонында Швеция дамыған әлеуметтік, экономикалық қатынастар орнаған ел ретінде статус алғаннан кейін пайда болды.

Әлеуметтік қамсыздандыру жоғарғы деңгейде және жұмыссыздық бойынша, балаларға арналған т.б. мемлекеттік жәрдемақы түрлері бар. Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы жұмыстан айрылып қалған жағдайда азаматтардың қалыпты күн кешуіне арналған. Ал балалар ата-анасының табысына қарамай 18 жасқа толғанша ай сайын жәрдемақы алып отырады. Әлеуметтік қызметтердің ішіндегі білім беру саласы халықтың бар бөлігінің сауаттылығын қамтамасыз етуде. Орта және жоғары білім ақысыз болып табылады және көптеген қайта даярлау оқыту орталықтары мен білім беру бағдарламалары жұмыс істейді. Квалификациялы мамандарды дайындау мен қайта даярлау жұмыссыздық деңгейін тәмемдейтіп, мемлекеттің халықтың толыққанды жұмысбастылығына бағытталған әлеуметтік саясатын көрсетеді. Швеция заннамасында оқу демалысына қаржы төленеді делінген, жалпы Швеция білімге ЖІӨ-нің көп мөлшерін жұмсайды. Сонымен Швецияның әлеуметтік саясаты әлеуметтік солидарность пен әлеуметтік әділеттілікке негізделген. Халықты әлеуметтік қорғаудың континенталды үлгісі. Әлеуметтік саясат жүргізудің континеталды үлгісінде мемлекет тек қана әлеуметтік төлемдер төлеумен ғана айналысады, ал әлеуметтік қызметтерді ұйымдастырмайды.

Мұнда мемлекет бюджетінен және жұмысшылар мен жұмыс берушілердің әлеуметтің шараларға бөлестін қаражаты бірдей мөлшерде, және негізгі қаражат көзі мемлекеттік және жеке әлеуметтік-сақтандыру қорлары болып табылады. Бұл үлгіні ұстанатындар – Германия, Франция,

Австрия, Бельгия. Осы елдердің ішінде Германияның әлеуметтік саясатының тоқталып өтсек, ең алдымен Германияда 1946 Альфред Мюллер-Армак жылы «нарық еркіндігі» мен «әлеуметтік теңестіру» принциптерін біріктіретін және экономикалық саясатты анықтайтын «әлеуметтік нарықтық қатынас» ұғымын енгізді. Мұндай саясаттың маңызы экономикалық сферада қоғамның әрбір мүшесінің өзін өзі жетілдіруіне жағдай жасайтын әлеуметтік саясат болып табылады. Бұл үшін индивидтердің шаруашылық қызметін реттейтін институционалды жағдайлар керек. Бірінші кезекте табысты бюджет арқылы қайта бөлу немесе швециялық үлгідегідей тегін әлеуметтік қызметтер емес, ал әлеуметтік қорғау бағытталған еңбекке қабілетті халыққа экономикалық жағдай жасалып тұр. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі мемлекет есебінен төленетін балаларға жәрдемақы (бала туылғанда берілетін, құнкерісі төмен және көп балалы отбасыларға), босқындарға көмек, білім алуға жәрдемақы, жастарға көмек, емделуге жәрдемақы, зейнеткерлік субсидиялары, соғыс құрбандарапарға көмек, мүгедектер мен қоғамның басқа да кедей, әлжуз топтарына әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Американ-britандық үлгі әлеуметтік сферада мемлекеттің минималды түрде қатысуымен сипатталады. Әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру тетігі мемлекеттік бюджет емес, жеке салымдар мен сақтандыру болып табылады. Мемлекет өз мойнына тек барлық азаматтардың минималды қірістерін сақтауды және халықтың аса көмекке мұқтаж табын қорғауды алады. Бұл үлгіні негізгі ұстанатын мемлекеттер: АҚШ, Англия, Ирландия, АҚШ-та заманауи әлеуметтік халықты қамсыздандыру үлгісінің негізі 1935 жылы Ф.Рузвельт қабылдаған Әлеуметтік сақтандыру туралы Заңың қабылдануымен қаланды. АҚШ-та әлеуметтік көмектің негізгі бағыты отбасыға арналған. Материалды қолдау алушың негізгі талабы – отбасыда жан басына шаққандағы кіріс көзі елде бекітілген құнкеріс өлшемінін ең төменгі мөлшерінен төмен деңгейде болуы керек. Аз қамтамасыз етілген отбасылардың балаларына жәрдемақылар төленеді. АҚШ-тың әлеуметтік саясатының ерекшелігі көмекке мұқтаж адамдарға қаржылайдан бөлек тағы да басқа көмектер көрсетіледі. Мәселен, ол – тамактануға, азық-тұліктір сатып алуға арналған талондар, т.б. Жерорта теңізі елдерінің әлеуметтік саясат жүргізуін өзіндік үлгісі бар. Ол мемлекеттерге Испания, Португалия, Греция, Италия, Ирландия елдері жатады. Бұл елдерде әлеуметтік қорғау жүйесінің негізгі мазмұны мемлекет немесе Үкіметтік емес ұйымдардың ұсынған әлеуметтік сақтандырумен түсіндіріледі. Жерорта теңізі елдері үлгісінде әлеуметтік салага көп қаржат бөлінгенімен, ол халықтың басым бөлігін қамти алмайды. Демек, әр мемлекеттің әлеуметтік саясат жүргізу ерекшелігі елдің экономикалық потенциалымен санасады. Осыған сәйкес әлеуметтік мәселелерді шешуге арналған әдістер жүйесі бар. Бірнеше елдердің топтамасында немесе жекелей мемлекеттердің өздеріне тән әлеуметтік жүйесін кездестіруге болады. Бір елдің белгілі бір топқа жіктелуін қарастырғанда өзіндік ерекшеліктер мен талаптарды ескерген дұрыс:

- әлеуметтік саясаттың көздел отырған түпкі маңызы: берілген жүйе минималды ауқаттылық пен кепілдендіруді ұсынумен шектелуі, мемлекетте жалпы табыстың қоғам мүшелеріне қайта бөлінуі;
- әлеуметтік саясаттың экономикалық саясатпен байланыстылығы;
- әлеуметтік қорғау жүйесінің басымдылық типі: белсенді, конструктивті.[4]

Экономикалық дағдарыс жағдайындағы мемлекет саясатының құрамдас бөлігі тиімді әлеуметтік саясат болып табылады.

Сарапшылар әлеуметтік саясатты нарықтық жаңарудың ілгерілеу критерийлеріне жатқызады. Олардың пікірінше, нақты саяси жүйенің стратегиялық орнықтылығы мен тұрақтылығы көп жағдайда әлеуметтік саясаттың концептуалды бағыттарын дұрыс тандауға байланысты.

Жалпы алғанда, әлеуметтік саясат саяси жүйенің маңызды бейімделу механизмі болып табылады, сондықтан оны «саяси» мен «әлеуметтіктің» өзара әрекеттесуі ретінде қарастыру қажет. Сондай-ақ «әлеуметтік» жиі «қоғамдықтың» синонимі ретінде алынады, сол себепті әлеуметтік саясат міндеттерінің бірі – ықпал ету және бақылау механизмдерін пайдалана отырып, қоғамдық өмірде тепе-тәндіктің белгілі дәрежесіне жету.

Қоғамдық өмірде тепе-тәндіктің белгілі дәрежесіне жету үшін әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары блоктар бойынша топталады.

1) кедейшілікпен курс;

2) Адам капиталын сақтау;

3) адам капиталының нарық сұраныстарына бейімделуі.

Әлеуметтік саясат экономикалық және әлеуметтік үдерістердің тиімді өзара әрекеттесуіне бағытталуы тиіс, осы ретте экономикалық және әлеуметтік мақсаттардың едәуір дәрежеде жүзеге асырылуына соңғысына басымдылық берген жағдайда қол жеткізіледі. Мемлекеттің экономикалық саясатымен өзара әрекеттескенде әлеуметтік саясат түкі мақсатқа жетуге, яғни халықтың әл-ауқатын және өмір сүру сапасын жан-жақты арттыруға бағытталуы керек. Қазақстан Президенті еліміздің 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясында көрсетілгендей: «барша қазақстандықтардың өркендеуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының жақсаруы біздің мемлекетіміз үшін аса маңызды үштүкірлі міндет болып қала береді» деп, мемлекет бағытының өзгеріссіз қалатындығын ерекше атап айтты. Осы міндеттің жүзеге асырылуына «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» Жолдауында айтылған дағдарыстан шығу шаралары бағытталған.[5]

Алайда азаматтардың әлеуметтік көnl-куйі мен әл-ауқатын тек табыс деңгейі мәселесі тұрғысынан ғана қарастыруға болмайды. Эрине, тамаққа, киімге және тұрғын үй мен басқа қажеттіліктерін канагаттандыру мүмкіншіліктерін анықтайтын табыс деңгейі тұрғындар әл-ауқатының басты көрсеткіші болыт табылады. Бірақ шынайы әл-ауқаттың өлшемі ретінде басқа көрсеткіш, яғни түрлі мүмкіншіліктерге қол жетімділігі маңыздырақ. Бұл өз кезегінде мемлекетке үлкен жауапкершілік жүктелетіндігін білдіреді: бюджет қаржысы есебінен «қоғамдық тауарлар» өндірісі мен әлеуметтік бағдарламалардың қаржыланылуын қамтамасыз ету.

Әлеуметтік салаға мемлекеттік инвестициялар үкіметтің тек экономикалық емес, бірінші кезекте, әлеуметтік басымдықтарын және белгілі мақсат пен бағдарламаларды ұстанатындыған көрсетуі тиіс. Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білім алуы және ырыс-берекесі ел дамуының негізгі ұлттық басымдықтарына жатады. Бұл басымдықтар адам дамуына құйылған инвестиция көлемінің ұлғаюына ықпал етуі қажет. Алайда адам дамуына салынған қаражат өндірістік емес шығынға теңестірілмей, көрісінше білім беруге, мәдениетке, денсаулық сақтауға жұмсалған қаржының жоғары рентабельділігімен теңестірілгені жөн.[6]

Қазақстанда әлеуметтік саясат компенсаторлық, амортизациялық және мәселеге бағдарланғандық бағыттары бойынша жүзеге асырылады. Бірінші бағыт бойынша мемлекет тұрғындардың экономикалық әлсіз топтарының ағымдары экономикалық ахуал дамуымен байланысты шығындарының орнын толтырады (зейнетақыға қосымша төлем; азаматтардың белгілі санаттарына женілдіктер және т.б.).

Екінші бағытта әлеуметтік қауіп-қатерлерді амортизациялау үшін мемлекеттік кепілдеме беру арқылы қоғамдық өмірде тепе-тендіктің білгілі дәрежесіне қол жеткізіледі.

Үшінші бағытта мәселеге бағдарланған әлеуметтік саясат қоғамдық және экономикалық даму барысында пайда болған маңызды әлеуметтік мәселелерді шешуі қажет. Бұл – денсаулық сақтау, тұрғын үй, экологиялық және басқа да мәселелер.

Президенттің Қазақстан халқына Жолдауына әлеуметтік саясат үшірі ішкі жүйе бірлігі ретінде қарастырылған: табыс саясаты, әлеуметтік қорғау саясаты, жұмыспен қамту саясаты.

Табыс саясаты жалпы әл-ауқат деңгейін көтеруге байланысты мемлекеттік шаралар жиынтығын көрсетеді, мысалы, бюджет саласы қызметкерлерінің жалакысын көтеру, т.б.

Тұрғындарды әлеуметтік қорғау саясаты аз қамтылған топтарға қолдау көрсетуге байланысты кешенді мемлекеттік іс-шаралардан тұрады: тұрғындардың белгілі санаттары үшін арнайы мемлекеттік жәрдемақы мөлшерін көбейту, зейнетақы мөлшерін өсіру және т.б.

Жұмыспен қамту саясаты экономикалық жағдайдағы талаптарына сәйкес енбек ресурстарын бөлу және дамытуға байланысты мемлекеттік шаралардың жиынтығынан тұрады.

Әлеуметтік саясаттың жүзеге асу деңгейін анықтайтын жағарыдағы ішкі жүйе көрсеткіштері ретінде тұрғындардың табысы, жұмыспен қамтылу деңгейі және т.б. алға тартылады. Бұл көрсеткіштер қоғамдық жүйе және оның бөлшектерінің қарама-қайшылықтарын азайту мен тиімділігін молайту мақсатындағы әлеуметтік және экономикалық үдерістерге қоғамның тұрақты және саналы әсерін көрсететін әлеуметтік саясаттың тікелей ықпал етуінің ортасында орналасқан.

Әлеуметтік саясаттың басты мазмұны ретінде Елбасы Жолдауында тізбектелген басылымдықтар жүйесін дұрыс менгеру қабылданады;

- тұрғындарды аз қамтылған топтарына қолдау көрсету;

- еңбек ресурстарын дамытудың тиімді жүйесін қалыптастыру.

Осы орайда екі мақсаттың аражігін дәл ажырату қажет:

Біріншіден мемлекетің әлеуметтік қолдауынсыз күн көре алмайтын әлеуметтік әлсіз топтарды нарықтың қатаң әсерінен қорғау; екіншіден, әлеуметтік саясаттың құралдары арқылы тұргындардың әртүрлі топтарының экономикалық белсенділігіне ықпал ету.[7]

Жалпы алғанда әр үлгінің мемлекетте әлеуметтік саясат жүргізу мен халықтың әлжуаз бөлігін қорғап отыруда өзіндік артықшылығы мен кемшіліктері бар. Бірақ әлем мемлекеттер қоғам түрленіп, дамыған сайын әлеуметтік саясат жүргізу әдістерін жетілдіріп отырады, бір-бірімен тәжірибе алмасу үрдісі токтамайды.

ӘДЕБІЕТ

1 Жұматай И. Қазақстан Республикасында кедейпілікке қарсы құрес, әлеуметтік қорғау, тұргындардың әл-ауқатын жақсарту – саясатты ізгілендірудің басты бағыты // САЯСАТ-POLICY. 2007. № 12. 71 б.

2 «Қазақстан Республикасының мугедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуідегі N 39 Заны

3 Мухамеджанов М.Ә. Қазақстан әлеуметтік саясаттың кейбір мәселелері// Ақиқат-2002, 38-41 бб

4 Назарбаев Н.Ә. Дағдарыстан жаңару мен дамуга. ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы //www.akorda.kz

5 Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. 2007ж

ОСОБЕННОСТИ МОДЕЛИ СОЦИАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ ПРИМЕНЯЮЩИЕСЯ ЗА РУБЕЖОМ И В КАЗАХСТАНЕ

Резюме

В статье рассматриваются основные модели применяемые в социальной работе Казахстанской и иностранной социальной политике.

FEATURES MODEL OF SOCIAL POLICY APPLICABLE OVERSEAS AND IN KAZAKHSTAN

Summary

This article discusses the basic model that is used in social work of Kazakhstan and foreign social policy.